

## Корнеевка ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Корнеевка ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 маусымда № 3876 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Корнеевка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Керней ауылындағы Буденный көшесінің атауы – Ақбұлақ көшесі болып, Керней ауылындағы Дмитров көшесінің атауы – Тәуелсіздік көшесі болып, Керней ауылындағы ДЭУ учаскесі Тракторная көшесінің атауы – Сарыарқа көшесі болып, Керней ауылындағы Заречная көшесінің атауы – Достық көшесі болып, Керней ауылындағы Калинин көшесінің атауы – Омар көшесі болып, Керней ауылындағы Первомайская көшесінің атауы – Бейбітшілік көшесі болып, Керней ауылындағы 2 Первомайская көшесінің атауы – Егемен көшесі болып, Алғабас ауылындағы Заречная көшесінің атауы – Достық көшесі болып, Алғабас ауылындағы Центральная көшесінің атауы – Мәдениет көшесі болып, Алғабас ауылындағы Школьная көшесінің атауы – Бейбітшілік көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Корнеевка ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Жумкенова*